

**1995 жылы туған азаматтарды 2012 жылдың қаңтар - наурызында "Баянауыл ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы N 13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 қаңтарда N 12-5-100 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 25 қыркүйектегі N 2-26-811 хатымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімі аппарат басшысының 25.09.2013 N 2-26-811 хатымен.**

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес **ШЕШІМ қабылдаймын:**

1. 2012 жылдың қаңтар - наурыз айларында он жеті жасқа толған ер азаматтарды, сонымен қатар жасы асқан, бұрын есепке алынбағандарды "Баянауыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - шақырту учаскесі) тіркеуден өткізу жұмыстары жүргізілсін.

2. Ауданның Майқайың кенті мен ауылдық округ әкімдері, бағыныштылығы мен меншік нысанына байланыссыз ұйымдар мен мекемелердің басшылары (келісім бойынша):

1) есепке алынатын азаматтарды уақытылы хабарлаумен қатар шақырту учаскесіне мезгілінде жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке алуға байланысты міндеттерді орындау үшін есепке алынатын азаматтарды қажетті уақытқа жұмыстан (оқудан) босатсын.

3. "Баянауыл орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша):

1) есепке тұратын азаматтарды медициналық анықтаудан өткізу үшін маман-дәрігерлер мен медициналық қызметкерлерді тағайындасын;

2) есепке алынатын азаматтарды тексеруді және емдеуді ұйымдастырсын.

4. "Баянауыл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім

б о й ы н ш а ) :

1) шақырту учаскесінде шақырту комиссиясының жұмысы кезеңінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін;

2) әскери міндетті атқарудан бас тартушыларды іздеуді және ұстауды жүргізсін .

5. "Баянауыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) аудан әкіміне есепке алуды өткізу нәтижелері туралы ақпарат ұсынсын .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. К. Тоғжігітоваға жүктелсін .

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Әйткенов*

*КЕЛІСІЛДІ*

*Баянауыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі*

*бөлімінің бастығы*

*Б. Орашев*

*2011 жыл*

*Баянауыл ауданы ішкі істер*

*бөлімінің бастығы*

*А. Баженев*

*2011 жыл*

*Баянауыл орталық аудандық*

*ауруханасының бас дәрігері*

*Қ. Армизов*

*2011 жыл*